

## **Бұқар жырау ауданының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері мен тәртібі туралы ережесін бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы Бұқар жырау аудандық мәслихатының 8 сессиясының 2012 жылғы 20 қыркүйектегі N 5 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 18 қазанда N 1951 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Бұқар жырау аудандық мәслихатының 2024 жылғы 26 маусымдағы № 6 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Бұқар жырау аудандық мәслихатының 26.06.2024 № 6 шешімімен (оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" 2009 жылғы 14 сәуірдегі N 512, "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" 2009 жылғы 30 желтоқсандағы N 2314 қаулыларына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

**Ескерту. Кіріспеге өзгерістер енгізілді - Қарағанды облысы Бұқар жырау аудандық мәслихатының 30.01.2015 N 5 (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

1. Қоса беріліп отырған Бұқар жырау ауданының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері мен тәртібі туралы ережесі бекітілсін.

2. Бұқар жырау аудандық мәслихатының 2012 жылғы 6 наурыздағы 2 сессиясының "Бұқар жырау ауданының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" N 4 шешімінің (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 8-11-132 болып енгізілген, "Сарыарқа" аудандық газетінің 2012 жылғы 31 наурыздағы N 13 санында жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

## **Бұқар жырау ауданының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері мен тәртібі туралы ережесі**

Осы Бұқар жырау ауданының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері мен тәртібі туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері" 2008 жылғы 19 шілдедегі N 710, "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" 2009 жылғы 14 сәуірдегі N 512, "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" 2009 жылғы 30 желтоқсандағы N 2314 қаулыларына сәйкес әзірленді және Бұқар жырау ауданының аз қамтылған отбасыларына (азаматтарына) тұрғын үй көмегін көрсету мөлшерін және тәртібін айқындайды.

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) аз қамтылған отбасылар (азаматтар) - Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес тұрғын үй көмегін алуға құқығы бар адамдар;

1-1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, орналасқан жері бойынша жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

2) коммуналдық қызметтер – тұрғын үйде (тұрғын ғимаратта) көрсетілетін және сумен жабдықтауды, кәрізді, газбен жабдықтауды, электрмен жабдықтауды, жылумен жабдықтауды, қоқысты әкету мен лифт қызметін көрсетуді қамтитын қызметтер;

3) кондоминиум объектісін басқару органы – кондоминиум объектісін басқару жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

4) отбасының (азаматтың) жиынтық табысы - тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш білдірілген тоқсанның алдындағы тоқсанда отбасы (азамат) кірістерінің жалпы сомасы;

5) өтініш беруші (жеке тұлға) – өз атынан немесе отбасы атынан тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш берген тұлға (бұдан әрі - өтініш беруші);

6) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстар – кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін пайдалануға және жөндеуге, жер учаскесін күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтерді тұтынуды есептеудің үйге ортақ құралдарын сатып алуға, орнатуға, пайдалануға және тексеруге, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға тұтынылған коммуналдық қызметтерді төлеуге жұмсалатын, жалпы жиналыстың шешімімен белгіленген ай сайынғы жарналар түріндегі үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері шығыстарының міндетті сомасы, сондай-ақ болашақта кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін немесе оның жекелеген түрлерін күрделі жөндеуге жинақталатын ақша;

7) уәкілетті орган - тұрғын үй көмегін тағайындауды жүзеге асыратын "Бұқар жырау аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - уәкілетті орган);

8) шекті жол берілетін шығыстар үлесі – телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде отбасының (азаматтың) бір айда кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға жұмсалған шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің отбасының (азаматтың) жиынтық кірісіне пайызбен қатынасы.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қарағанды облысы Бұқар жырау аудандық мәслихатының 21.06.2018 N 11 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 25.12.2019 N 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.**

2. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен осы елді мекенде тұрақты тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға):

1) жекешелендірілген тұрғын үй-жайларда (пәтерлерде) тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді)

жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстарға;

2) тұрғын үйдің меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуына;

3) жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысын төлеуге беріледі.

Аз қамтылған отбасылардың (азаматтардың) тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.

Тұрғын үй көмегі телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға арналған шығыстарға нормалар шегінде ақы төлеу сомасы мен отбасының (азаматтардың) осы мақсаттарға жұмсаған шығыстарының жергілікті өкілді органдар белгілеген шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Бұқар жырау аудандық мәслихатының 25.12.2019 N 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

3. Тұрғын үй көмегі аталған жерлерде тұрақты тұратын адамдарға кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстар сметасына сәйкес жеткізушілер ұсынған кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған коммуналдық қызметтер көрсету ақысын төлеу шоттары мен ай сайынғы жарналардың шоттары бойынша бюджет қаражаты есебінен көрсетіледі.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Бұқар жырау аудандық мәслихатының 25.12.2019 N 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

3-1. Отбасы (азамат) (не нотариат куәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) тұрғын үй көмегін тағайындау үшін Мемлекеттік корпорацияға немесе " электрондық үкімет" веб-порталына тоқсанына бір рет жүгінуге құқылы.

**Ескерту. Қағида 3-1-тармақпен толықтырылды - Қарағанды облысы Бұқар жырау аудандық мәслихатының 21.06.2018 N 11 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

3-2. Құжаттарды қарау және тұрғын үй көмегін көрсету туралы шешім қабылдау немесе көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру мерзімі Мемлекеттік корпорациядан құжаттардың толық топтамасын алған күннен бастап сегіз жұмыс күнін құрайды.

Ескерту. Қағида 3-2-тармақпен толықтырылды - Қарағанды облысы Бұқар жырау аудандық мәслихатының 21.06.2018 N 11 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

## 2. Тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі

4. Отбасы (азамат) (не нотариат куәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) тұрғын үй көмегін тағайындау үшін Мемлекеттік корпорацияға және/немесе "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы өтініш береді және мынадай құжаттарды қоса береді:

1) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін түпнұсқасы беріледі);

2) отбасының табысын растайтын құжаттар. Тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (Қазақстан Республикасы азаматының) жиынтық табысын есептеу тәртібін тұрғын үй қатынастары саласындағы уәкілетті орган айқындайды;

3) алынып тасталды - Қарағанды облысы Бұқар жырау аудандық мәслихатының 25.12.2019 N 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен;

4) жылжымайтын мүліктің болуы (болмауы) туралы анықтама (тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алынатын мәліметтерді қоспағанда);

5) зейнетақы аударымдары туралы анықтама (тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алынатын мәліметтерді қоспағанда);

6) жұмыс орнынан немесе жұмыссыз адам ретінде тіркелуі туралы анықтама;

7) балаларға және асырауындағы басқа да адамдарға алименттер туралы мәліметтер;

8) банктік шоты;

9) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп ұстауға арналған ай сайынғы жарналардың мөлшері туралы шоттар;

10) коммуналдық қызметтерді тұтынуға арналған шоттар;

11) телекоммуникация қызметтері үшін түбіртек-шот немесе байланыс қызметтерін көрсетуге арналған шарттың көшірмесі;

12) жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жергілікті атқарушы орган берген жалдау ақысының мөлшері туралы шот.

Осы тармақта көзделмеген құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

Отбасы (азамат) (не нотариат куәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) қайта өтініш берген кезде осы Ереженің 4-5-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, отбасының табыстарын растайтын құжаттарды және коммуналдық шығыстарға арналған шоттарын ғана ұсынады..

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Бұқар жырау аудандық мәслихатының 21.06.2018 № 11 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - Қарағанды облысы Бұқар жырау аудандық мәслихатының 25.12.2019 N 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.**

4-1. Мемлекеттік корпорация арқылы құжаттар қабылданған кезде көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

**Ескерту. Қағида 4-1-тармақпен толықтырылды - Қарағанды облысы Бұқар жырау аудандық мәслихатының 21.06.2018 N 11 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

4-2. Осы Ереженің 4-тармағында көзделген құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған жағдайда, Мемлекеттік корпорацияның қызметкері құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

**Ескерту. Қағида 4-2-тармақпен толықтырылды - Қарағанды облысы Бұқар жырау аудандық мәслихатының 21.06.2018 N 11 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

4-3. "Электрондық үкімет" веб-порталы арқылы өтініш жасаған жағдайда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетуге сұрау салуының қабылдағаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетіле отырып, хабарлама жіберіледі.

**Ескерту. Қағида 4-3-тармақпен толықтырылды - Қарағанды облысы Бұқар жырау аудандық мәслихатының 21.06.2018 N 11 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

4-4. Мемлекеттік корпорация өтінішті ақпараттық жүйе арқылы қабылдайды және оны тұрғын үй көмегін тағайындауды жүзеге асыратын уәкілетті органға жібереді.

**Ескерту. Қағида 4-4-тармақпен толықтырылды - Қарағанды облысы Бұқар жырау аудандық мәслихатының 21.06.2018 N 11 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

4-5. Уәкілетті орган отбасы (азамат) (не нотариат куәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс емес екенін анықтау негізінде тұрғын үй көмегін беруден бас тартады және өтініш берілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде

өтініш берушіге "электрондық үкімет" веб-порталы не Мемлекеттік корпорация арқылы дәлелді бас тартуды жібереді.

Ескерту. Қағида 4-5-тармақпен толықтырылды - Қарағанды облысы Бұқар жырау аудандық мәслихатының 21.06.2018 N 11 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

4-6. Тұрғын үй көмегін тағайындау туралы шешімді не қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты тұрғын үй көмегін тағайындауды жүзеге асыратын уәкілетті орган қабылдайды. Тағайындау туралы хабарлама не тағайындаудан бас тарту туралы дәлелді жауап Мемлекеттік корпорацияға немесе электрондық құжат ретінде "жеке кабинетке" жіберіледі.

Ескерту. Қағида 4-6-тармақпен толықтырылды - Қарағанды облысы Бұқар жырау аудандық мәслихатының 21.06.2018 N 11 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

5. Уәкілетті орган тұрғын үй көмегін тағайындау үшін қажетті құжаттарды ұсынған сәттен бастап күнтізбелік он күн ішінде тұрғын үй көмегін тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту жөнінде шешім қабылдайды.

6. Тұрғын үй көмегі өтініш беру айынан бастап тағайындалады және өтініш беруші өтініш жасаған ағымдағы тоқсанға көрсетіледі.

7. Тұрғын үй көмегін алушы тұрғын үй көмегі мөлшерінің өзгеруі үшін негіз бола алатын мән-жайлар, сондай-ақ оның дұрыс есептелмеген жағдайлар туралы уәкілетті органға хабарлайды.

8. Тұрғын үй көмегі мөлшеріне ықпал ететін мән-жайлар туындағанда, (алушы қайтыс болуын қоспағанда) көрсетілген мән-жайлар басталған күннен бастап қайта есептеу жүргізіледі.

9. Өтініш берушімен тұрғын үй көмегін заңсыз тағайындауға әкеп соққан жалған мәліметтер ұсынылғаны анықталған жағдайда, тұрғын үй көмегін төлеу оны тағайындау мерзіміне тоқтатылады.

10. Жалғыз тұратын тұрғын үй көмегін алушы қайтыс болған жағдайда, тұрғын үй көмегін төлеу қайтыс болған айдан кейінгі айдан бастап тоқтатылады.

Тұрғын үй көмегін алушы отбасы мүшесінің бірі қайтыс болған жағдайда, қайтыс болған айдан кейінгі айдан бастап қайта есептеу жүргізіледі.

Қайтыс болғанға байланысты төлемдерді тоқтату немесе қайта есептеу қайтыс болған адамдардың тізімдері негізінде немесе отбасы мүшелері ұсынатын мәліметтер бойынша жүргізіледі.

### **3. Тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері**

11. Тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (азаматтың) жиынтық табысына сүйене отырып анықталады.

12. Отбасының (азаматтың) жиынтық табысы, қолданыстағы заңнамамен айқындалған тәртіпте, тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш білдірілген тоқсанның алдындағы тоқсанға уәкілетті органмен есептеледі.

13. Белгіленген нормалар шегіндегі шекті жол берілетін шығыстар үлесі отбасының (азаматтың) жиынтық табысына 10 пайыз мөлшерінде белгіленеді.

**Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Бұқар жырау аудандық мәслихатының 08.08.2023 № 5 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

14. Тұрғын үй көмегін тағайындау кезінде алаңның нормасы есепке алынады:

1) өтемақылық шаралармен қамтамасыз етілген тұрғын үй алаңының нормасы отбасының әр мүшесіне тұрғын үй заңнамасымен белгіленген тұрғын үй беру нормасына баламалы және көп бөлмелі пәтерлерде бір адамға 18 шаршы метрді құрайды, бір бөлмелі пәтерде тұратындар үшін – пәтердің жалпы алаңы. Көп бөлмелі пәтерлерде жалғыз тұратын азаматтар үшін аланның әлеуметтік нормасы - 30 шаршы метр;

2) коммуналдық қызметтерді тұтыну нормалары:

бір адамға көлемді газ:

қызмет көрсетушілердің шоттарын ұсына отырып (түбіртектер, анықтамалар), нақты шығындар бойынша, бірақ орталықтандырылған ыстық сумен қамтамасыз етудің бар немесе жоқ болуына қарамастан, айына 8 килограммнан артық емес;

қызмет көрсетушілердің шоттарын ұсына отырып (түбіртектер, анықтамалар) баллон газын тұтыну нақты шығындар бойынша, бірақ көлемді газды тұтыну бойынша айына бір адамға белгіленген нормативтен артық емес (айына 8 килограммнан артық емес);

қызмет көрсетушілердің шоттарын ұсына отырып (түбіртектер, жүкқұжаттар, шот-фактуралар) нақты шығындар бойынша қатты отынды тұтыну:

1985 жылға дейін салынған тұрғын ғимараттар үшін 1-2 қабатты үйлер үшін 1 шаршы метр ауданды жылытуға (жылыту маусымына есептелгенде) - 161 килограмм көмірден артық емес, 3-4 қабатты үйлер үшін 1 шаршы метр ауданды жылытуға (жылыту маусымына есептелгенде) - 98 килограмм көмірден артық емес;

1985 жылдан кейін салынған тұрғын ғимараттар үшін 1-2 қабатты үйлер үшін 1 шаршы метр ауданды жылытуға (жылыту маусымына есептелгенде) - 125 килограмм көмірден артық емес, 3-4 қабатты үйлер үшін 1 шаршы метр ауданды жылытуға (жылыту маусымына есептелгенде) - 72 килограмм көмірден артық емес;

жылыту маусымының ұзақтығы – 6 ай;



тұрғын үй көмегін есептегенде, статистика органдарының мәліметтері бойынша Бұқар жырау ауданында өткен тоқсанда қалыптасқан көмір бағасы қолданылады;

нақты шығындар бойынша, отбасының электроэнергиясын тұтынуы:

газ плиталарымен жабдықталған үйлерде айына – 150 киловаттан;

электр плиталарымен жабдықталған үйлерде айына – 250 киловаттан артық емес;

3) суық суды, кәрізді, ыстық суды, қоқыс төккішті, газды тұтыну нормалары, тұрғын үйді күтіп-ұстау шығындары басқару нысанына тәуелсіз (пәтер иелерінің кооперативі, өзін-өзі басқару комитеті, үй комитеттері) қызмет көрсетушімен немесе тарифті бекітетін органмен бекіткен тарифтердің негізінде белгіленеді.

15. Коммуналдық қызметтерді тұтынуды есептеу құралдары бар тұтынушыларға есеп айырысу үшін, өткен тоқсанның немесе қызмет толық көлемде көрсетілген соңғы тоқсандағы есептеу құралдардың көрсеткіштері негізінде, бірақ есептеу құралдары жоқ тұтынушылар үшін белгіленген коммуналдық қызметтерді тұтыну нормаларынан аспайтын нақты шығынмен айқындалады.

16. Белгіленген нормалардан жоғары коммуналдық қызметтерді тұтынуды төлеу тұрғын үйдің меншік иелерімен, жалдаушыларымен (қосымша жалдаушыларымен) жалпы негізінде жүргізіледі.

#### **4. Қаржыландыру және тұрғын үй көмегін төлеу тәртібі**

17. Тұрғын үй көмегін қаржыландыру тиісті жергілікті бюджет қаражаты есебінен, сондай-ақ ағымдағы нысаналы трансферттер қаражаты есебінен (олар бөлінген жағдайда) жүзеге асырылады.

18. Тұрғын үй көмегін төлеу уәкілетті органмен тұрғын үй көмегін алушының өтініші бойынша тұрғын үй көмегін алушының, кондоминиум объектілерін басқару органдарының жеке шоттарына екінші деңгейдегі банктер немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің осы операция түрін жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйымдар арқылы жүзеге асырылады.

Шоттарға ақшалай сомаларды аудару уәкілетті органмен ай сайын жүргізіледі

Бұқар жырау ауданының  
тұрғындарына тұрғын үй  
көмегін көрсету мөлшері мен  
тәртібі туралы ережесіне  
қосымша

**Тұрғын үй көмегін тағайындау туралы  
өтініш**

Ескерту. Қосымша алынып тасталды - Қарағанды облысы Бұқар жырау аудандық мәслихатының 30.06.2016 N 7 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК